Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйымдардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қояр алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және Тәртіптің осы Шарттың атқарылуына әсер ететін нормаларымен келісетінін; • «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өнім беруші кодексінің (бұдан әрі – Өнім беруші кодексі) мазмұнын мұқият зерттегенін және түсінгенін, сондай-ақ Өнім берушінің Өнім беруші кодексіне толық сәйкес әрекет ететінін растайды. Орналастырылған Өнім беруші кодексіне баратын жол (сілтемелер):https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда: сатып алынатын тауарлардың тізбесі (Шартқа №1 қосымша), техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша), елішілік құндылық үлесін есептеу нысаны (Шартқа №3 қосымша).

1.3. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауар Шартқа № 2 қосымшада (Техникалық ерекшелік) көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе оның сипаттамалары олардан жоғары болуы тиіс.

1.4. Тауарды жеткізу орны, мерзімдері мен мөлшері Тапсырыс беруші тарапынан Өнім берушіге жіберілетін Тауарды жеткізуге арналған өтінімде (-дерде) немесе қажет болған жағдайда Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 және №2 қосымшаларда (бұдан әрі – Өтінім) көрсетіледі.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Мемлекеттік өнеркәсіпті ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені;

2.5.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (мөлшеріне) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады;

2.5.3. Өнім беруші «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы СЭҚ ТН коды міндетті түрде көрсетіле отырып жазып берген электрондық шот-фактура;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.5.4. қорларды сыртқа босатуға арналған жүккұжаттың түпнұсқасы;

2.5.5. Өнім беруші «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген тауарларға арналған ілеспе жүккұжат.

2.5.6. Шарттың 6-бөлімінде көзделген өзге де құжаттар.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес Қабылдап алу-тапсыру актісіне(актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелген сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі

3.3. Жеткізу базисі: Тапсырыс берушінің қоймасына дейін DDP (Инкотермс-2010).

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және өзі өндірген Тауарды жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Мемлекеттік өнеркәсіпті ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені;

4.1.2.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (мөлшеріне) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады;

4.1.2.3. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы Жеткізуші жазып берген, СЭҚ ТН коды міндетті түрде көрсетілген электрондық шот-фактура;

4.1.2.4. Қорларды сыртқа босатуға арналған жүккұжаттың түпнұсқасы;

4.1.2.5. Өнім беруші «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген тауарларға арналған ілеспе жүккұжат.

4.1.2.6. Шарттың 6-бөлімінде көзделген өзге де құжаттар;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдеру бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда Тапсырыс берушіге нақты шеккен шығыстарын ескере отырып, Тапсырыс берушіге төленген аванстыны (алғытөлемді) қайтаруға;

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау аясында ұсынуға;

4.1.6. Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

4.1.7. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу барысы туралы есепті ұсынуға;

4.1.8. Тапсырыс берушіден сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге аффилирленген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тұлғалар бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БИН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күннен бастап тіркеу өзгерістерін ұсынуға;

4.1.9. Қаржыландыру шарты бойынша осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өзінің ақшалай талабын ақшалай талапты жол беру (факторинг) (бұдан әрі – Факторинг шарты) арқылы қаржы агентіне жол бермеуге;

4.1.10. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:Факторинг шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;Өнім беруші тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынуға.

4.1.11. Тауар іс жүзінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға жеткізілген кезде, Өнім беруші Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге тиісті айырманы қайтаруға міндеттенеді.

4.1.12. Өнім беруші Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді атқарудан бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден алған алдын ала төлемді қайтаруы қажет.

4.1.13. Өнім беруші мыналарға міндетті:осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша өткізуден соңғы табыс/айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындауға;осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша өткізуден соңғы табыс/айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін өзінің басқа шарттар, мәмілелер бойынша 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарының тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етуге;Өнім беруші жасасатын шарттарға Өнім беруші контрагентінің және оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің жасасылған шарттың/шарттардың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша өткізуден соңғы табыс/айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемесіне қатысты шарттарды енгізуге.

4.1.14. Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Өнім беруші кодексінің талаптарын сақтауға:https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/;- тауарды жеткізу басталғанға дейін Өнім берушінің қызметкерлері мен осы Шартты атқаруға тартылған өзге де тұлғалардың Өнім беруші кодексінің талаптарымен танысуын және оларды орындауын қамтамасыз етуге.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден тауарды дер кезінде қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға міндеттенеді.

4.3.4. Тапсырыс беруші Мердігердің Шарттың 4.1.9-тармағында көзделген міндетті бұзғаны үшін Шарттың 7.9-тармағында көрсетілген айыппұлды жол берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.5. Шартқа №№ 1, 2 қосымшалардың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды ауыстыруды талап етуге;

4.4.6. Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін Тауарға техникалық бақылау жүргізуге және/немесе оны сынақтан өткізуге, соның ішінде тәуелсіз ұйымдарды тартуға;

4.4.7. Өнім берушіден Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған шеккен шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын өтеуді талап етуге;

4.4.8. Тауар Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, соның ішінде мерзімдері бойынша, Тауарды қабылдау-тапсыру актісі және қорларды сыртқа босатуға арналған жүккұжат бойынша Өнім берушіден аталған құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдаудан уәжді бас тартуды жіберуге. Жеткізілген Тауарда ақаулар болған кезде Өнім берушіге ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулардың тізбесін жіберуге;

4.4.9. Өнім берушіден аффилирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БИН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күннен бастап тіркеу өзгерістерін сұратуға;

4.4.10. Өнім беруші шарттық міндеттемелерді атқаруды бұзған жағдайда, Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді атқаруды бұзғаны үшін оған есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында жасасылған өзге шарттар бойынша Өнім беруші алдындағы өзінің кредиторлық берешегінен акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға.

4.4.11. Тапсырыс беруші Мердігерден Факторинг шартына қатысты тиісті ақпаратты және құжаттарды сұратуға құқылы.

4.4.12. Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Өнім беруші кодексінде көзделген кепілдіктер мен мәлімдемелерді бұзған жағдайда, өзіне қатысты айыппұл санкциялары (өсімпұлдар, айыппұлдар) қолданылмастан, Шартты атқарудан біржақты тәртіппен бас тартуға.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Тауарды тасымалдау Тауардың сапалық және сандық сақталуын қамтамасыз ету шартымен жүзеге асырылуы тиіс. Тауар жаңа, пайдаланылмаған (қолданыста болмаған) болуы тиіс.

5.3. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.4. Жеткізілген Тауардың мөлшері мен сапасы мәселелері бойынша, соның ішінде қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықталуы мүмкін болмаған ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша талап-арызды Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қояды. Егер Өнім беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап-арызды Өнім беруші танып болып есептеледі және Өнім беруші өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жеткізілмей қалған Тауарды жеткізуге және/немесе Тауардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.5. Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 15 (он бес) [жұмыс/күнтізбелік] күн ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес мөлшері және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.6. Өнім беруші Тауарды соңғы тағайындалған пунктке дейін тасымалдау кезінде оның зақымдалуын немесе бүлінуін болғызбайтын сапалы қаптамамен қамтамасыз етуге міндетті. Қаптама қандай да бір шектеулерсіз тасымалдау кезіндегі қарқынды тиеу-түсіру (көтеру-көлік) жұмыстарына, экстремалды температуралардың, тұздың және жауын-шашынның әсеріне, сондай-ақ ашық ауада сақтау жағдайларына төтеп беруі тиіс.

5.7. Тауарды қабылдағаннан кейін (соның ішінде монтаждау, баптау және пайдалану кезеңінде) және кепілдік мерзімі ішінде сапасы тиісті емес Тауар анықталған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығыстарсыз, оған қоса берілген растаушы құжаттары (комиссия актісі, тауар-көлік жүккұжаттары және т.б.) бар талап-арызды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде анықталған сапасыз Тауарды ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Талап-арызды алған күн Шарттың 9.3, 9.4 және 9.5-тармақтарында көзделген тәсілмен Өнім берушінің мекенжайына талап-арыз жіберілген күн болып есептеледі. Тауардың кемшіліктері анықталу фактісі құрамына Тапсырыс берушінің өкілі мен Өнім берушінің өкілі кіретін комиссия актісімен расталады. Комиссия жұмысына қатысу үшін Өнім берушінің өкілін шақыру кемшіліктер анықталған күннен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Шарттың 9.3, 9.4 және 9.5-тармақтарында көзделген тәсілмен хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс беруші өкілінің шақыруын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей, Шарттың 9.3, 9.4 және 9.5-тармақтарында көзделген тәсілмен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тауардың мөлшерін, сапасын және жиынтықтылығын тексеруге қатысу үшін Өнім берушінің өкілі жіберілетіні не жіберілмейтіні туралы хабарлауға міндетті. Шақыруға көрсетілген мерзімде Өнім берушіден жауап алынбаған немесе Өнім беруші өз өкілін жіберуден жазбаша бас тартқан жағдайда, Тауарды қабылдауды құрамына Тапсырыс беруші тарапынан Тауарды қабылдайтын Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе басшысының орынбасары уәкілеттік берген кемінде үш құзыретті тұлға кіруі тиіс комиссия жүзеге асырады. Бұл жағдайда комиссия мүшелері құрастырған және қол қойған Тауардың кемшіліктері туралы акт Өнім берушіге уәжді талап-арыз қою үшін заңды түрде негізделген негіз болып табылады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап-арызды Өнім беруші танып болып есептеледі.

5.8. Өнім беруші Тауармен бірге Тауар жеткізілетін пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

5.8.1. Тауарды қабылдау-тапсыруға қатысатын тұлғаның өкілеттіктерін куәландыратын сенімхаттың түпнұсқасы;

5.8.2. мемлекеттік өнеркәсіпті ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме»;

5.8.3. Өнім беруші «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы СЭҚ ТН коды міндетті түрде көрсетіле отырып жазып берген электрондық шот-фактура;

5.8.4. шығыс жүккұжатының түпнұсқасы (екі данада ұсынылады);

5.8.5. Өнім беруші «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген тауарларға арналған ілеспе жүккұжат;

5.8.6. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (мөлшеріне) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу электрондық құжат нысанында (Жүйеде ұсынылады). Түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады;

5.8.7. Осы Шартта көзделген өзге де құжаттар.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен байланысты ақаулары болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Өнім беруші Тауардың сапасына Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай деп белгіленген кепілдік мерзімі ішінде кепілдік береді, бұған Тауарды өндіруші неғұрлым ұзақ кепілдік мерзімін көрсеткен жағдайлар қосылмайды. Бұл жағдайда кепілдік мерзімі Тауарды өндіруші белгілеген мерзімді құрайды.

6.3. Кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақауы бар Тауарды өз есебінен жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

6.4. Тауарды ауыстыруды кешіктіру Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе Өнім берушінің бастамасы бойынша оның техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін Тауарға техникалық бақылау жүргізе алады және/немесе оны сынақтан өткізе алады. Осы сынақтарға жұмсалатын барлық шығыстарды Шарттың сынақтарды өткізуге бастамашылық жасаған Тарапы көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен дайындаушы зауытта және/немесе тағайындалған пунктте Тауарды сынақтан өткізу қажеттілігі туралы хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз өкілдеріне сынақтарды өткізуге қатысатындығы туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

6.6. Егер аталған сынақтар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне барлық қажетті құралдар ұсынылады және Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығыстарсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге жәрдем көрсетіледі.

6.7. Егер Тауарға техникалық бақылау жүргізу және/немесе оны сынақтан өткізу кезінде, соның ішінде Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейінгі жағдайларды қоса алғанда, оның осы Шарттың, нормативтік-техникалық құжаттардың, стандарттардың талаптарына сәйкес еместігі анықталса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша мыналарға құқылы:

6.7.1. тауардан бас тартуға, бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мұндай Тауарды Шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін Тауарға немесе Тауар партиясына ауыстыруды жүзеге асырады, сондай-ақ Тапсырыс берушіге сапасыз Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығыстарды (сынақтар жүргізу бойынша шығыстарды, бөлшектеуді, монтаждауды, тасымалдауды, техниканы жалға алуды және т.б.) өтейді;

6.7.2. Өнім берушіден Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстар мен шығындарды (залалды) өтей отырып, жеткізілген Тауар немесе Тауар партиясы үшін ақшаны толық көлемде қайтаруды талап етуге (Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін сапасы тиісті емес Тауар анықталған жағдайларды қоспағанда)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізбесінен үзінді көшірмені ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдап алу-тапсыруды растайтын Қабылдап алу-тапсыру актісіне тиісті Тараптар қол қойғанға дейін Өнім берушімен төленуі тиіс Шарттың жалпы құнынан 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті көтереді. Бұл ретте тиісті мәліметтерді Тапсырыс беруші сатып алу жөніндегі Қор Операторына Өнім берушінің осы міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қордың тауар өндірушілер тізілімінен өнім берушіні алып тастау үшін растайтын құжаттармен бірге жібереді.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші "Самұрық-Қазына" АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгінеген тіртіппен жолдайды.

7.2.4. Жеткізуші Шартта келісілген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізудің кешіктірілген әрбір күнтізбелік күні үшін дер кезінде жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ дер кезінде жеткізілмеген Тауар құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Жеткізуші Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізуші туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.4. Шарт Жеткізушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осындай бұзудан келтірілген барлық шығындарды өтейді, сондай-ақ Шарттың жалпы сомасының (лоттар болған жағдайда – міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лоттың (лоттардың) сомасынан) 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.5. Тауар Шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде жеткізілмеген жағдайда, Жеткізуші мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін жеткізілмеген немесе толық жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ жеткізілмеген немесе толық жеткізілмеген Тауар құнының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.6. Тапсырыс беруші Жеткізушінің Тапсырыс беруші немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығында немесе сенімгерлік басқаруда тікелей немесе жанама түрде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на тиесілі ұйым алдындағы берешек сомаларын (соның ішінде шығындар, өсімпұлдар және т.б. сомаларын) Тапсырыс берушінің Жеткізуші алдындағы кредиторлық берешегінің сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тауар Шартта көрсетілген мерзімде жеткізілмеген жағдайда, Жеткізуші Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.8. Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Тауарды нақты жеткізу Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем (аванс) сомасынан аз сомаға жүзеге асырылған жағдайда, Жеткізуші Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге тиісті айырманы қайтарады.

7.9. Мердігер Шарттың 4.1.9-тармағында көзделген міндетті бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге факторинг шарты бойынша жол берілген ақшалай талап сомасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.10. Жеткізуші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.11. Жеткізуші осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Жеткізуші осы Шарт шеңберінде өткізу бойынша табыс/айналым тапқан/алған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін Тапсырыс берушіні салықтық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органдар анықтаған, өзінің және (немесе) өзінің 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің салық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін және мынадай жағдайларға әкеп соққан оқиғалар бойынша жауапты болады:Тапсырыс берушіге корпоративтік табыс салығын (КТС) және (немесе) қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды қосымша есептеу;Тапсырыс берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

КТС бойынша ауыстырылатын салықтық шығындарын және (немесе) ҚҚС бойынша дебеттік сальдосын азайту;Тапсырыс берушіге қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының асып кетуін растамау;Тапсырыс берушінің бұдан бұрын бюджеттен қайтарылған ҚҚС асып кету сомаларын бюджетке төлеуі.Жоғарыда көрсетілген шарттар туындаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынадай мөлшердегі соманы өтеуге міндеттенеді:жоғарыда аталған салықтар бойынша қосымша есептеулер, сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар;азайтылған салықтық шығындар сомасының 20%-ы;ҚҚС асып кетуінің расталмаған сомасы;бұдан бұрын бюджеттен қайтарылған, бюджетке төленген ҚҚС асып кету сомасы.Жеткізушінің және (немесе) осыған байланысты оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің мынадай (олармен шектелмей, соны ішінде): заңды мекенжайы бойынша болмауы, электрондық шот-фактураларды (ЭШФ) жазып беру бойынша шектеулерінің болуы, салықтар бойынша берешегінің болуы, жалған кәсіпорындар деп танылуы, банкрот деп танылуы, әрекетсіз деп танылуы, олар бойынша тіркеудің жарамсыз деп танылуы, заңнама нормаларын бұза отырып қайта ұйымдастырылуы және (немесе) салық төлеушінің сенімсіздігінің басқа да белгілеріне сәйкес келуі және (немесе) салық заңнамасының өзге де бұзылуына әкеп соғуы фактілері салық заңнамасын бұзу критерийлері болып табылады.

7.12. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.12.1. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемдерді кешіктірген жағдайда, Жеткізушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.12.2. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Жеткізушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.12.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.13. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.14. Тауарды уақытылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдың (өсімпұлдың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

7.15. Осы Шартта көзделмеген өзге де жағдайларда, Тараптар Шарт бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Сатып алуда "Самұрық-Қазына" АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы.

8.7. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.7.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағы негізінде;

8.7.2. Жеткізуші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.7.3. Тауарларды сатып алудың негізделген мақсатсыздығына байланысты;

8.7.4. Тапсырыс берушінің төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.7.5. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/бақылау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/бақылау кеңесі болмаған жағдайда — Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізделген мақсатсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Жеткізушіге оның нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.8. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада бас тарту себебі көрсетілуге, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне енетін күні ескерілуге тиіс. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты бұзылған кезде, Жеткізуші бұзылған күнге Шартты орындаумен байланысты нақты шығындар үшін ғына ақы төлеуді талап етуге құқылы.

8.9. Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған, өзі шеккен шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын қаржылай өтеуді талап етуге құқылы.

8.10. Жеткізуші Тапсырыс беруші Шартта көзделген төлем мерзімін қатарынан 2 (екі) айдан астам уақытқа бұзған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.11. Осы Шарттың 8.7, 8.10-тармақтарында көзделген жағдайларда, оны бұзуға бастамашылық жасаушы Тарап екінші Тарапқа Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, соның ішінде егер бұл хабарлама Жеткізушінің кінәсінен заңды мекенжайының өзгеруі себебінен алынбаған жағдайда да сол күннен бастап бұзылды деп танылады. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарт бұзылған күнге нақты жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Тауарлар үшін ғана ақы төлейді. Шартты бұзу туралы хабарлама почта жөнелтілімінің тапсырылғаны туралы хабарлама ресімделе отырып, тапсырыс хатпен жіберілуге не екінші Тараптың уәкілетті өкіліне жеке өзіне табыс етілуге тиіс.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шартқа Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап ол өз күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанына дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін, салық заңнамасының

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

анықталған бұзушылықтары бойынша Жеткізушінің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде (Шарттың бұзылуына қарамастан) – Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабардар ету) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа барабар шегеріледі.

11.4. Тараптар жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, ешқандай мән-жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қаралмайтынына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір тәсілмен алынып тасталмайтынына немесе шектелмейтініне келісті.

11.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы аяқталғаннан кейін, осындай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл мән-жайлардың тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға, сонымен бірге Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанатын мерзімді көрсетуге міндетті.

11.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары 3 (үш) айдан астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты хабардар ете отырып, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұдан кейін осы Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарт бұзылған күнге нақты жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Тауарлар үшін ғана ақы төлейді.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

